

**Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы
арасындағы қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы**

ҚОСЫМША КЕЛІСІМ

1994 жылғы 26 сәуірдегі “Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы келісімге” қосымша Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы алпыс тоғызыншы және соңғы шекаралық нүктелер арасындағы қытай-қазақстан шекарасының келісілген сызығының өтуін анықтау және белгілеу мақсаттарында төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

1994 жылғы 26 сәуірдегі “Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы келісімнің” 2-бабында суреттелген Қытай мен Қазақстан арасындағы мемлекеттік шекараның сызығы оның алпыс тоғызыншы шекаралық нүктесінен Меридианальная жотасының қырқасы бойынша (қытай картасында - аты жоқ жота) батыс-оңтүстік-батыс бағытында жетпісінші шекаралық нүктеге дейін келеді. Бұл шекаралық нүкте жоғарыда аталған жотаның қырқасында 6637.0 м белгісімен биіктікте (қытай картасында - 6570) Қазақстан аумағында тұрған Безымянная тауынан (қытай картасында - 5790 белгісімен биіктік) оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 9.8 км және 6107.0 белгісімен Қытай аумағында тұрған биіктіктен (қытай картасында - 6161) солтүстік-солтүстік-батысқа қарай шамамен 3.6 км қашықтықта орналасқан.

Жетпісінші шекара нүктесінен мемлекеттік шекараның сызығы Тенгри тау жотасының қырқасы бойынша (қытай картасында - аты жоқ жота) жалпы батыс бағытында жетпіс бірінші шекара нүктесіне дейін келеді. Бұл шекара нүктесі қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасының соңғы нүктесі болып табылады және Хан-Тенгри шыңының құзар басында 6995.2 белгісімен (қытай картасында -6995) қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасында тұрған 6146.0 белгісімен биіктіктен (қытай картасында - 6105) оңтүстік-батысқа қарай шамамен 11,2 км орналасқан және Қытай аумағында тұрған 6107.0 белгісімен биіктіктен (қытай картасында -6161) батыс-солтүстік-батысқа қарай шамамен 8.0 км қашықтықта орналасқан.

Қытай мен Қазақстан арасындағы мемлекеттік шекараның жоғарыда суреттелген сызығы 1:100000 масштабтағы бұрынғы КСРО-ның картасында және ҚХР-дің картасында қызыл түспен түсірілген. Мемлекеттік шекара сызығын суреттеуде аталған барлық қашықтықтар осы карталар бойынша өлшенген.

Қытай мен Қазақстанның арасындағы мемлекеттік шекараның сызығы қызыл түспен түсірілген жоғарыда аталған карталар осы Келісімге қоса беріледі және оның ажырамас бөлігін құрайды.

2-бап

Уағдаласушы Тараптар 1994 жылғы 26 сәуірдегі “Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы келісімнің” 1,4,5,6,7 және 8-баптарының ережелері сондай-ақ осы Келісімге қатысты да қолданылады.

3-бап

Уағдаласушы Тараптар олардың әрқайсысында осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік процедуралардың орындалғаны туралы бір-біріне хабарлайды.

Осы Келісім осындай жазбаша хабарлардың соңғысы түскен күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Алматы қаласында 1997 жылғы “24” қыркүйекте екі дана болып, әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Түсіндіру кезінде пікір алшақтықтары болған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс және қытай тілдеріндегі мәтіндерді негізге алады.

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮШІН

李 鹏

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮШІН

Р. Разаев